

Қошқарбаев Ерболат Еркінұлы  
Еркіндік тақырыбын түсінуге  
арналған материалдар

**Еркіндік**

# 10 дәріс бойынша

- Бұл жерде: Еркіндік мәні және байланыстары, Еркіндік туралы көзқарастар қамтылады
- Аға оқытушы Қошқарбаев Е.Е.

# Еркіндік мәні

- Адамның **ойында** еркіндік бар ма?

Олай емес, олай болмайды, дұрыс емес, негізінде бұлай болу керек т.б. сөздерді күн сайын естиміз.

- Адамның **ісінде** еркіндік бар ма?

- Тиіспе, ұстама, олай жүрме, өйтпе, өтпе, барма, болмайды, нельзя, не трогай, туда нельзя, сюда нельзя т.б. сөздерді де күнде естиміз.

- Еркіндік мәселесі — философия ғылымы ғасырлар бойы зерттеп келе жатқан, әлі шешімі табылмаған, маңызы зор «мәңгілік» мәселелердің бірі.

# Еркіндік

- Еркіндік – альтернативаны еркін таңдау мүмкіндігі.
- Ойлағанына қарай әрекет ету.
- Идеясын іске асыру
- Тілектеріне сай әрекет ету.
- Еркіндік тарихи өзгермелі және өзара қайшылықты ұғым. Гегель еркіндікті бұлыңғыр, көп мағыналы ұғым деп айтса, Эрнст Кассирердің түсініксіз және екіұшты деп айтқаны сондықтан. Ал, Кант: Еркіндік практикалық сана. Сана біздің еркіндігімізді басқару үшін берілген, -деген.

# Еркіндік мәні

- Еркіндік мәселесі тікелей ерікке келіп тіреледі, ал жанама түрде «таңдауға» келіп тіреледі. Сондықтан, Еркіндік философиясымен (Философия свободы) қатар Ерік философиясы (телизм, волюнтаризм) да қалыптасқан.
- Осы сияқты еркіндік тілекке, тілеуге, қалауға қатысты.
- Еркіндік сондай-ақ қажеттілікпен байланысты. Еркіндік абсолютті емес, еркіндік салыстырмалы. Міне еркіндіктің осындай сипаттары тізбектеле береді.

# Еркіндік мәні

- Философиялық тұрғыдан алғанда, **еркіндік** – бұл адамның өз мүдделері мен тілектеріне **сәйкес** әрекет ету қабілеті.
- **Еркіндік** бұл **бостандық**, яғни **сыртқы мәжбүрлеудің, қысымның** және **шектеулердің** болмауы, олардан бос болу.
- **Рухтың мәні** – **еркіндікте**, яғни басқа біреуден тәуелсіздікте, өзіне деген көзқараста.
- **Еркіндік** **рухтың белсенділігінің нәтижесі**, **ерік-жігердің көрінісі** ретінде пайда болады. Егер адам күмәнданбаса немесе өкінбесе, адам өзінің санасында (немесе рухында) еркін болады.

# Еркіндік мәні

- **Еркіндік** ең кең мағынада – **еркіндік** пен **қажеттіліктің** диалектикалық бірлігі.
- Мұнда алдымен екеуі де орын алады және біріншісі кез келген уақытта және кез келген жағдайда екіншісімен шектеледі.
- Өзіндік еркіндік **интроверттік**, басқа біреуден алынған еркіндік **экстраверттік**.
- Басқа біреуден алынған еркіндік – басқадан **қашып еркін болу** емес, басқаны **жеңіп еркін болу!**

# Еркіндіктің мәні

- Ең жоғары дәрежедегі **еркіндік** - бұл бізді толғандыратын нәрсеге, өзіміз қызыққан нәрсеге өзімізді **арнау** еркіндігі.
- **Позитивті еркіндік** – еркіндікпен қатар **жауапкершілікті** де **сезіну**.
- **Негативті еркіндік** – өз еркіндігінде **жауапкершілікті сезінбеу**, еркіндікті көбінесе басқа адамдар алдындағы барлық міндеттемелерден бос болу деп түсіну.
- Жеке бас бостандығы барлық ауыртпалықтардан құтылу емес, өзімізді біз үшін маңызды нәрсеге арнау бостандығы.



# Еркіндіктің мәні

- Бірақ басқа тәсіл мүмкін. Егер қажеттілік метафизикалық түрде шектелсе немесе нөлге тең болса, онда еркіндік шексіз шама болады.
- Қоғаммен байланысты үзген диуана әлеуметтегі адамға қарағанда формальды түрде салыстырмалы түрде еркін.
- Есі ауысқан адамдар немесе кома күйіндегі адамдар (өмір мен өлімнің алдында) біршама еркін, деген тұжырымдар бар.
- Экстремалды сәттер де еркіндікпен сипатталады.

# Еркіндік мәні

- Әлеуметтік тұрғыдан алғанда, барлық демократия бостандықтың бір түрі болып табылады. Заңдар арқылы мемлекет өз азаматтарын озбырлықтан қорғайды және көптеген өмірлік жағдайларға кепілдік береді, қызмет бостандығын, сөз бостандығын т.б.мәнділіктерді таниды. Сонымен қатар, кез-келген заң адамдардың мүмкіндіктерін кеңейтеді және бұл, ең алдымен, рухы онша күшті емес адамдарға қатысты. Мұнда ерік-жігерді реттеу маңызды әлеуметтік құбылыс болып табылады. Кейбіреулер үшін бостандыққа қол жеткізу озбырлық басталатын межені анықтайды.

# Еркіндік мәні

- В. И. Даль сөздігі бойынша еркіндік – өз еркі, өз жолымен әрекет ету мүмкіндігі: қысымның, тұтқынның, құлдықтың болмауы, біреудің еркіне бағынбау.
- Еркіндік мәні бойынша озбырлыққа жақындау ұғым. Еркіндік, ерік, озбырлық іс жүзінде синоним болып табылады. Адам өзінің ерік-жігерін қоғамдық тәртіп пен имандылық нормаларына, басқа адамдардың мүдделеріне, соның ішінде олардың еркін болуға деген ұмтылысына қарамай жүзеге асырған кезде, бұл озбырлық.

Еркіндік себептілікпен байланысты

Еркіндік **себеп**тілікпен байланысты. Алғашқы **себеп**, **түрткі** тасты қозғады, таудан төмен домалатты.


Бұл қозғалыс тасқа **қажет** пе...

Жансыз заттардың рухы жоқ, еркі жоқ.

Олар ештеңені таңдамайды.

Олар үшін қажеттілік - бұл детерминизмнің бір түрі.

Электрондардың да ерік-жігері болмайды.



# Еркіндік мәні




- Еркіндік негізінде қандай да бір тілек қана емес, сол тілектің себебі де жатыр.
- Бірақ көп жағдайда негізге тілек алынып, тілек астарындағы түрткі, себеп назардан тыс қалады.



# Еркіндік ұятпен тығыз байланысты.

- Еркіндік ұятпен тығыз байланысты.





# Тәрбие

- Еркіндік тәрбиемен тығыз байланысты



# Мінез


- Еркіндік мінезбен байланысты

*Мінез*



Datalife Engine





## Еркіндік ниетке байланысты

- Ниетіміздің жүзеге асуы ішкі түрткілерге, сыртқы жағдайларға, және біздің мүмкіндігімізге байланысты



## Еркіндік сеніммен байланысты

Әркім кез келген дінді ұстануға немесе ешбір дінді ұстанбауға ерікті.

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 18-бабына сәйкес, «әр адамның ой, ар-ождан және дін бостандығына құқығы бар; бұл құқыққа өз дінін немесе наным-сенімін өзгерту еркіндігі және өз дінін немесе наным-сенімін жеке-дара ұстану еркіндігі, сондай-ақ ілімде, ғибадатта және діни және ғұрыптық тәртіпті орындауда басқалармен, қоғамдық немесе жеке тәртіппен бірлесе отырып жасау кіреді».

# Еркіндік ар-ождан бостандығымен байланысты


- Ар-ождан бостандығы-бұл қоғамда жеке тұлғаларға діни және атеистік дүниетаным арасындағы еркін таңдауды және олардың сенімдерін көрсету мүмкіндігін қамтамасыз ететін жағдайларды қамтамасыз ету.
- Ар-ождан бостандығы адамның ең маңызды бостандығы болып табылады.



## Еркіндік мемлекетпен, құқықпен байланысты

---

- Еркіндікті қамтамасыз етудегі тетіктердің бірі – адам бостандықтарын заңға енгізу, содан кейін оларды Конституцияда немесе басқа құқықтық актілерде бекіту. Әлбетте бұл мысалы термостат, клапан секілді ашылып-жабылатын сипатта: керек кезде еркіндік беріледі және шектеледі.



# Еркіндік жауапкершілікпен байланысты

- Бірақ кез-келген еркіндікке ие бола отырып, адам оны басқа адамдарға қатысты бұзғаны үшін **жауапкершілік** алатынын әрдайым есте ұстаған жөн. Осылайша, кез-келген мемлекетте және жалпы қоғамда **тепе-теңдік** сақталады.
- **Ж-П. Сартр**: «Еріктілік дегеніміз – адамға артылған адамгершіліктің ауыр жүгі», - деген болатын.
- Адам өз ісіне ғана емес, **басқалар үшін де жауапты**. Ол өз-өзін жете түсінудің арқасында басқалардың да терең сырын аша алады.

# Еркіндік жауапкершілікпен байланысты

- Адамдар **мораль** мен **заң** алдында өз әрекеттері үшін жауап береді (кейбіреулер жауап бермейді) және бұл жауапкершілік бостандыққа кері пропорционалды. Басқаша айтқанда, жауапкершілікті өз мойнына алу – бұл еркіндік.
- Жауапкершілік- **еркіндіктің имманентті шектеушісі**.
- Моральдық жауапкершілік теориясын бірінші болып ұсынған **Аристотель** болатын.

# Еркіндік жанмен, рухпен байланысты

- Ежелгі Үнді философиясында адам **әлемдік жанның бір бөлігі** ретінде пайымдалды. Жанның көшуі туралы ілімде, тіршілік иелері (өсімдіктер, жануарлар, адамдар) мен Құдай арасында өтуге болатын жылжымалы **шекара** бар. Бірақ ең маңыздысы - бостандыққа ұмтылу тек адамға ғана тән, оған жету үшін құштарлықтан құтылу, болмыстың эмпирикалық жолы, сансара - карма заңдарын білу қажет.
- «Еркіндіктің болмысқа үстемдігі ол – рухтың болмысқа үстемдігі. Болмыс тұрақты, рух – айнымалы. Рух болмыс емес. Рух қақында объекті сияқты интеллектуалдық ой кешуге болмайды, рух – субъект, субъективтілік, ол – еркіндік, жасампаздық акт...
- Сонымен рух адамды еркін ету үшін жаралған. Адамды азат ету – рухқа, яғни еркіндікке қайтып келу.

# Еркіндіктің жалпы сипаттамасы

- Еркіндік феномені кең мағыналы, көп қырлы. Ол адамның жеке, сондай ақ әлеуметтік өмірінің сан саласын қамтиды. Тіліміздің бай екені соншалық, еркіндіктің: **бостандық, азаттық, дербестік, егемендік, тәуелсіздік, еріктілік** секілді көптеген баламалары бар.



# Еркіндіктің жалпы сипаттамасы

- Философияға еркіндік тән. Философиялық ойлауға тән ашықтық, сыни верификация, реализм, скептицизм, өзін-өзі сынай білу философияны игеруші субъект-тұлғаның рухани дүниесінің қалыптасуына айқындаушы әсер етеді.
- Философия адамға өз өмірі мен тағдырын өзі айқындауға мүмкіндігі бар екендігін, таңдау еркіндігі адамның өз қолында екендігін түсіндіреді. Бұл жолдардан еркіндік сипатын көріп тұрмыз.

# Еркіндік абсолютті емес

- Еркіндік бала кезден бәрімізге таныс. Ата-аналарымыз қонаққа кетіп сәл еркіндік берілсе не болушы еді?! Көрпе-жастық умаждалған, үй шашылған, су төгілген, ыдыс-аяқ сынған көріністер тізіле береді. Сондықтан үлкен түгілі балаға ерік берілсе «бәрін қопарып тастайды»! Сондықтан **абсолюттік еркіндік мүмкін емес** нәрсе.
- Бұл мәселе, әсіресе, кішкентайынан тиым салу ережелерінің қатаң шеңберінде тәрбиеленетін қазақ балалары үшін аса маңызды екенін атап ету керек. Қорқыту, тиым салу арқылы емес, саналы еркіндіктің көмегімен ғана қоғамның еркін азаматтарын қалыптастыруға болады. Саналы еркіндікке ие адам ғана өзінің индивидуалдылығын қоғамдық деңгейде жүзеге асыратын тұлғаға айналады.

# Еркіндіктің жалпы сипаттамасы

- Қалауыңды жүзеге асыруға мүмкіндік жоқ болса, онда еркіндік те жоқ.
- Дүниеде бүкіл тірі жан, тіршілік иесі тәуелсіздікті іздейді, соған ұмтылады. Ол саналы да, санасыз да тіршілікке тән. Бұл түсінікті, өйткені әрбір тіршілік иесі бостандықта, еркіндікте өмір сүреді. Еркіндік, бостандық деген не? Ол тіршілікте ешқандай кедергінің, қыспақтың болмауы, қыспақ кедергі жоқ жерде ғана еркіндік бар. Әлемдегі барлық жан-жануар бәрі де сол бостандықта, еркіндікте өмір сүреді. Өміріне тұрған ортасы қолайсыз болса, олар одан басқа жаққа орын ауыстырады. Ондай мүмкіндік жоқ болса, онда еркіндік те жоқ. Не істеймін, не жасаймын, қайда барамын деп «ойласа», ойлап қана қоймай ойын іске асырса және оған ешқандай кедергі болмаса, міне, сол еркіндік.

# Еркіндік – күрес нәтижесі

- Адам – қоғамдық, саналы, тіршілік иесі. Ол қашанда еркіндікті, бостандықты аңсайды, тек аңсап қана қоймайды, сол үшін әдіс-тәсіл іздейді, күреседі, тіпті жанын пида етуге дейін барады. Адам баласына **тұтқында болудан** немесе **еріксіздіктен** қиын нәрсе жоқ.
- Мәселен, көшпелі болып, кең даланы жайлаған халық өмір бойы бостандықта, еркіндікте өмір сүрді. Ол басқа отырықшы елдер сияқты бостандық үшін күреске шыққан жоқ. Өйткені, өмірі бостандықтан тұрды. Оның сол еркіндіктің не екенін сезбеуі де мүмкін, егер де өзінде бар әлгі еркіндікке қауіп төнбесе. Ал қауіп төнсе еркіндік үшін аянбайды...

# Еркіндік – күрес нәтижесі

- Көшпелі халық еліне сырттан жау келгенде жанын салып аянбай, ерлікпен жерін қорғаған, сол үшін өмірін пида етуге дейін барған. Бірақ, қорқатыны бір ғана нәрсе болған. Ол - жау қолына түсіп, тірідей қапаста қамалмау, еркіндіктен айрылмау. Олар үшін кіріптар болу, еркінен айрылу өлімнен де ауыр жаза ретінде есептелген.
- Мәселен, сол көшпелілер өкілін патша үкіметі түрлі айып тағып, «итжеккенге» жер аударғанда, сол жерден жолда аштан, не басқадан өлемін демей, мыңдаған шақырым жерден ай мен күн, «құс жолы» мен «темірқазықты» нысанаға алып, еліне жаяу қашып жететін жағдайлар да болған.

# Еркіндік – күрес нәтижесі

- Қоғамдық тарих дәлелдегендей, адам баласы қашанда бостандық, тәуелсіздік үшін күрескен. Тәуелділіктің ең жоғары шегі **абақтыға салу, жер аудару, құлдықта ұстау**мен қатар, бүкіл ел көлемінде қарасақ, ол **бодандық**қа айналдыру. Бодан болған ел - еріксіз, бас бостандығы, еркі жоқ ел. Ол басқа үстем елге қызмет етеді.
- Еті тірі, санасы оянған, еркіндікті ойлап, сол бодан елден шыққан зиялы азаматтар бой көрсетсе, үстем ел, олардың еңсесін басып, көзін жойып отырған. Дегенмен өмір бір қалыпта тұрмайды, жаңа ел ойшылдары дүниеге келіп, қозғау салған. Сөйтіп бостандық үшін күрес еш толастамаған. Бұл да өмір шындығы.

# Еркіндік – күрес нәтижесі

- Бостандық, еркіндік, тәуелсіздік - асыл арман. Оған жетудің жолы әрқилы, түрліше. Негізгісі екеу. Бірі - күрес жолы, екіншісі келісім жолы.
- Осы екеуінің ең белгілі, ертеден келе жатқан сара ұстанымы - ол ұлт-азаттық күрес жолы.
- Бұл жолда қан төгіледі, шығын болады. Осыған қарамастан ел басын өлім мен өмір текетіресіне тігіп күреске шыққан.

# Еркіндік пен тәуелсіздік арақатынасы

- 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан түрлі бұғаулардан босап, тәуелсіз мемлекетке айналды. Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болды. Әлемге Қазақстан Республикасы бар екенін Ресми түрде көрсетті.
- Тәуелсіз болу - бақыт. Бірақ өмірде абсолюттік тәуелсіздік бар ма?  
**Абсолюттік тәуелсіздік бір Құдайға ғана тән.** Басқа жаратылған дүние бәрі біріне-бірі байланысты, тәуелді. Диалектика тұрғысынан тәуелсіздікті сыңаржақты түсіну - **менмендікке, тәкаппарлыққа, эгоизмге, өркөкіректікке** әкеледі. Ол жеке адамды да, мемлекетті де басқаларға қарсы қояды, оның соңы жарға соқтырады. Ал енді өзін тек тәуелді ұстау - ердің де, елдің де қанатын қияды, жігерін жасытады, **басқаның шылауында** қалдырады, **мүсәпір** етеді. Екеуін де ақылмен ұстай білуі керек. Ең алдымен тәуелділік тек әрекет ретінде қаралып, ол тек тәуелсіздікті нығайтуға жұмыс істеуі тиіс. **Егер тәуелсіздік - стратегиялық мақсат болса, тәуелділік соған жетудің тактикасы.** Әдіс, әрекет өзгереді, ал стратегия - нысана. Ол басты бағдар. Ол оған жеткенше құбылмауы, өзгермеуі тиіс.



# Еркіндік шарты - келісім

- Қазақстан жер көлемі жағынан аса үлкен ел. Еліміздің аумағы арқылы өтетін өзендер, мысалы, Іле Қытаймен, Жайық пен Есіл Ресеймен, Сырдария Өзбекстанмен, Талас Қырғызстанмен байланысып жатыр. Сондай-ақ Қазақстан жерін басып өтетін темір жолдар мен автокөлік жолдары да жетерлік. Оларды пайдалану сол мемлекеттердің бір-бірімен байланыста болғанды қажет етеді. Мұндай мәселелерді кез келген ел **«еркін» екенмін деп жеке өзі шеше алмайды**. Әлемде мұндай мәселелер өте көп. Тәуелсіздік философиясы дегеніміз, осындай жағдайды басқалармен **келісе отырып**, оның тиімді жолын табу. Бүгінде еліміз осы қағиданы берік ұстанып келеді. Бұл - үлкен көрегендіктің белгісі.

# Еркіндік - құндылық

- Еркіндік – құндылық. Ол жалпыадамзаттық құндылық.
- Қазіргі Қазақстанның тәуелсіздігін айқындайтын мысалдар өте көп. Бір ғана мысал, Қазақстанның жаңа орталығы - Астананың бой көтергенін алайық. Ол әлемге әйгілі. Бұрын орталық қала болған Алматы қандай еді, бүгін қандай? Осындай құрылыстар Қазақстанның басқа қаларында да бой көтереді. Кеңес дәуірінде бұл мүмкін бе еді? Ойға да келмейтін.
- Тіпті студенттерге жатақхана, асхана салу үшін рұқсатты Мәскеуден әрең дегенде алатын. Оның үстіне салынып жатқан ірі жолдарды, табиғатты қорғап, аялауды алыңыз. Осылардың бәрі Қазақстанның тәуелсіз ел екенін айтпай аңғартады. Міне, тәуелсіздік пен тәуелдіктің көрінісін осындай мысалдардан айқын байқаймыз. Олай болса, біздің қол жеткен тәуелсіздігіміз зор байлық, шексіз бақыт.

# Тәуелсіздік жайлы Д.Кішібеков айтқаны

- Тәуелсіздікке қолы жеткен елдер алдында одан да биік мақсаттар туындайды. Ол - қол жеткен тәуелсіздіктің баянды болуы. Ол үшін тәуелсіздікті нығайту, еліміздің еркіндігін еңбекпен еселеу керек. Тәуелсіздікке қолы жеткен дамыған елдер бұл терминді қайталай бермейді. Елді нығайтудың, күшейтудің жолын іздейді. Бұл дұрыс үлгі. Біз соны ойға алуымыз қажет. Әйтпесе, тәуелсіздік деп айта беру біздің назарымызды алдағы мақсаттарға аударудың орнына, болған іске бетімізді аударып, басты мәселені айтудан аулақтатады (Кішібеков)

# Тәуелсіздік жайлы Д.Кішібеков айтқаны

- Тәуелсіздікті бағалай да, нығайта да білуіміз керек. Біздің мақсатымыз **даурықпа сөз** емес, тиянақты, нәтижелі атқарылатын іс болуы қажет. Тәуелсіздік пен тәуелділік қашанда бірге жүреді. Бірінсіз бірі жоқ. Ал арақатынасы - **есеп**. Содан жаңылмау керек. Ұтатын жағдай - **тәуелділіктің тәуелсіздікке қызмет етуі**. Онсыз мақсатқа жету жоқ. Бұл екеуін мақсатқа жетуде қатар ұстай білу дүниедегі күрделі мәселелерге жатады (Кішібеков)

# Еркіндік - мүмкіндік

- **Еркіндік** — адамның немесе жеке ұлттың, халықтың өз мүдделері мен мүмкіндігіне сай әрекет етіп, өз қалауын жүзеге асыруы. Яғни, ешкімнің бұйыруы не нұсқауы бойынша емес өз еркімен әрекет етуі. Алайда, адам қоғамнан тысқары болмағандықтан өз әрекетінің объективті жағдайларын қалауынша таңдап алуға ерікті емес, дегенмен де олар нақтылы және салыстырмалы еркіндікке ие. Жеке адам мен ұлттың еркіндік ДӘРЕЖЕСІнің артуы тұтастай алғанда қоғамның ілгерілеу үрдісінің өзекті өлшемі болады. Оның әлеуметтік кедергілерге қарсы күресі, жалпы алғанда, қоғамның алға басуының қуатты қозғаушы күші болып табылады.

# Еркіндікті пайдалану

- Адамдардың дүниедегі объективті жағдайды таңдау еркіндігі болмағанымен, олар өзіндік мақсаттарды көздей алады және оған жетудің әр түрлі мүмкіндіктері қатарынан неғұрлым тиімді жолды ерікті түрде пайдаланады. Бірақ, бұл қоғамдағы жалпы объективті жағдай мен мүмкіндікке, субъектілердің жаратылыс заңдары мен қоғам заңдылықтарын игеру қабілетіне және басқаларына байланысты.

# Еркіндік түрлері

әлеуметтік  
еркіндік

жеке  
еркіндік


# Еркіндік түрлері

ПОЗИТИВТІ  
еркіндік

НЕГАТИВТІ  
еркіндік



# Еркіндік философиясы түрлері



Батыс философиясында еркіндік түрлеріне орай олардың жекелеген философиясы қалыптасқан:

**Әлеуметтік** еркіндік философиясы

**Жеке** еркіндік философиясы

# Әлеуметтік еркіндік философиясы

- **Әлеуметтік еркіндік философиясы** әлеуметтік философиямен анықталады, қоғамдағы бостандық туралы идеяларға сүйенеді. Әлеуметтік философия тиімді әлеуметтік құрылғыны және мүмкіндігінше оған қол жеткізу әдістерін анықтау мақсатында саяси-қоғамдық құралдардың бар түрлері мен теориялық модельдерін ұстанады.
- Кез келген адам түрлі жағдайларға өзінің өмірлік тәжірибесі арқылы қарайды. Сондықтан да бір адам үшін фашистік, тоталитарлық, авторитарлық қоғам еркін көрінуі мүмкін. Себебі ол сол қоғамда ешқандай қиындықтар көрмей бақытты өмір сүруі мүмкін ғой. Ал өзге адам либералдық, демократиялық қоғамда еркін өмір сүруі немесе керісінше, өзін еркін сезіне алмауы мүмкін. Парадокс: қоғам тек соғыс кезіндегі жағдаймен салыстырғанда еркін.

# Әлеуметтік еркіндік философиясы

- Кейбір философтардың көзқарасы бойынша қоғамдағы **еркіндік** мүмкіндігінше **шектелуі керек** (Платон, Августин, Аквинат, Гоббс, Гегель, Конт, ішінара **Маркс** және басқалар). Басқалары саяси, экономикалық бостандықтарсыз, заң алдындағы теңдіксіз қоғам тоқырауға және құлдырауға ұшырайды дейді (Аристотель, Цицерон, Дж. Локк, Ш.Л. де Монтескье, Дж. Дьюи, К.Поппер, Дж. Роулз, Р.Дворкин, либералды экономистер, Дж. Сорос т.б).
- **Августин** заманынан бері көптеген адамдар **әлеуметтік прогреске** сенеді, бұл әр жаңа дәуірде адамның бостандығы артады дегенді білдіреді.
- Белгілі бір топтың еркіндігі артқан сайын өзге топтың еркіндігі шектеліп, жоққа шығарыла бастайды.

# ӘЛЕУМЕТТІК ПРОГРЕСС

- **Еркіндік әлеуметтік прогресс** негізінде қалыптасады, яғни адамның бостандық деңгейін, жеке адамның бостандығын түсіну үшін алдымен **әлеуметтік прогресті** қарастыру керек.
- Тарихи даму тенденциясы ретінде **әлеуметтік прогресс** адамзаттың аз жетілдірілгеннен өмірдің жетілдірілген тәсілдері мен формаларына қарай алға жылжуын білдіреді. **Қоғамдық прогресс** – бұл адамзаттың тарихы мен өткенінің, бүгіні мен болашағының бірлігі.

# Жеке еркіндік философиясы

- Жеке еркіндік философиясы, жеке идеалға ие, адамды бір сәт қоғамның шырмауынан шығаруға тырысады, оның жеке қайталанбас индивид екенін, өз рухы бар екенін негіздейді. Индивидуалды еркіндік философиясы және рухани еркіндік философиясы болып бөлінеді.

# Индивидуалды еркіндік философиясы

- Индивидуалды еркіндік философиясы адам эгосының шексіз бостандығын меңзейді: «тәуелсіз бол, өз рахатыңмен өмір сүр, әлеуметтік мәселелерге назар аударма, теңдікті көксеме, әділетке ұмтылма, бәрі ретімен болады, - дейді. Бұл софистердің, Эпикурдың және басқалардың ілімдерінде пайда болды. Діни Орта ғасырларда ойлаудың индивидуалистік түрі **басылып, тапталды**, Қайта өрлеу дәуірінде ол гуманистік ілімдерде қайта көтеріле бастады, кейінірек **Ницше** философиясында, **анархистер** мен **либертариандықтар** ілімдерінде дамыды.

# Рухани еркіндік философиясы

- Рухани еркіндік философиясы адамдағы эго-сананы қоса алғанда құдаймен, ғарышпен, болмыспен, басқа адамдармен және тірілермен байланысты сананың рухани деңгейі немесе жай рух бар деген болжамға сүйенеді. Бұл жерде рухани бостандыққа апаратын философиялық жол да бар, босауға апаратын діни жол да бар. Бірақ діндегіден айырмашылығы негізінен сенімге емес, ақылға сүйенеді. Рухани еркіндік философиясы адамның әлемге деген сүйіспеншілігін дамытуға, адамның рухы мен ақыл-ойын интеллектуалды тұжырымдамалар мен көзқарастардан босатуға арналған (Мамардашвили). Рухани еркіндік философиясы антикада Гераклит, Демокрит, Сократ, киниктер, стоиктер және т.б. ілімдерінде пайда болды. Бұл философия арқылы ойшылдар ізгілікке, батылдыққа, төзімділікке, ішкі тектілікке, танымға, даналыққа шақырды. Христиандықтың пайда болуымен рухани еркіндік философиясы Жаңа контурларға ие болды.



# Рухани еркіндік

- Жаңа заманда, ағартушылық кезеңінде, неміс классикалық философиясында рухани еркіндікті ақылмен және ғылыми прогресспен байланыстырды. Бұл дәуірде адам бойындағы сенсорлық принцип жиі жоққа шығарылды. Мысалы, Б. Спиноза жанашырлық пайдасыз аффект деп көрсетті, ал Гегель еркін рухты ақылмен анықтады.
- XIX ғасыр соңында, керісінше ақылдың беделін жоққа шығаратын және еркіндікті өмірмен, күшті күймен байланыстыратын иррационалистік философия пайда болады (Ф. Ницше).
- XX ғасырдағы Иррационализм еркіндікті түйсікпен (А. Бергсон), бүлікпен (Ж.-П. Сартр) байланыстырады.
- Франкфурттіктер мен постмодернистер капитализмнің жеке адамға тигізетін әсері – оны бір өлшемді тұтынушыға айналдыру деп алаңдады.
- Көптеген адамдар бұл жағдайдан тек өнерде оң нәтиже көреді, ал постмодернист М. Фуко адамды өз шекарасынан асып, «әдемі формаға» жетуге шақырады.

# Экономикадағы еркіндік

- Экономика саласында **еркін нарық, еркін бәсекелестік** принциптері негізінде **өндіргіш күштер** дамитыны, адамдардың **еркіндік аясы** кеңейе түсетіні рас. Әр адамның, әр ұлттың **еркіндік дәрежесі**н олардың **табысы** мен **меншігінің көлемі** ғана емес, сонымен бірге олардың материалдық және рухани игіліктерді өздерінің **таңдауы** мен **орынды жұмсай алу мүмкіндігі** анықтайды.

# Экономикадағы еркіндік

- Капитализм кезінде жұмысшы біліп, тану үшін жұмыс істемейді. Ол жұмыс істеуге міндетті болғандықтан ғана істейді. Жұмыс істеу барысында жұмысшылар жұмыстан ешқандай ләззат ала алмайды және оның барлық өмірлік энергиясы жұмысқа бағытталады. Жұмысшылар өздерін тек ғана жұмыстан шығып, ішімдік ішіп, я болмаса құмар ойындар ойнаған кезде ғана бақытты сезіне алады. Өмірлік іс-әрекеттер күштеп жасалған жерде еркіндік жайлы сөз ету тіпті мүмкін емес. Механизация дамыған сайын жұмысшылар машиналарға тәуелді субъект ретінде ғана қабылдана бастады. Капитализм дамыған сайын қарапайым халықтың өмір сүру деңгейі нашарлап, еркіндіктері азайған үстіне азая бермек.

# Саясаттағы еркіндік

- Саясатта еркіндік мәселесі **ұлттың құқықтық мемлекет** құру идеясымен байланысты. Кез келген **қоғам**дағы жеке адам мен ұлттың еркіндік дәрежесі, ең алдымен, билік жүйесіне, оның түрлеріне (деспоттық, либералдық-демократиялық т.б.) байланысты болып келеді. Либералдық-демократиялық басқару моделінің саяси еркіндік саласындағы негізгі принципі — **жеке адамдардың үстемдігі емес**, ең алдымен **заңның үстемдігі**, яғни адамдардың **заңмен** ғана **шектелетін еркіндік** құқықтарын пайдалана алуы.

# Құқықтағы еркіндік

- **Жеке адам** мен **ұлт** еркіндігінің **шектелуі** немесе **тежелуі** әр түрлі объективті және субъективті **себептерге** байланысты. Бұл **шектелу** адамдарға **қиянат емес**, қайта адамдардың **қауіпсіздігі үшін** жасалуы бек мүмкін. Мысалы жақында ғана өткен «коронавирусқа» байланысты карантин шаралары, блокпосттар қойылуы т.б. осының дәлелі.

# Құқықтағы еркіндік

- Ал, тоталитарлық, авторитарлық **жүйелердің үстемдігі**, яғни демократтық құқықтар мен саяси бостандықтарға (сөз, жиналыс, митинг, бірлесу, сайлау және сайлану, т.б.) **қысым** жасалуы, сондай-ақ, материалдық жоқшылық, рухани жұтаңдық, шектен тыс эгоизм және т.б. жайындағы мәселе мүлдем басқа.
- **Шынайы еркіндік** — адамдар арасындағы мәдени қарым-қатынастардың **кепілі**. Ендеше оның ғылыми мәні мен мазмұнын әрбір азаматтың айқын түсінуіне қол жеткізу ұлттық идеология мен саясаттың басты міндеттерінің бірі болып табылады.

# Сөз бостандығы

- Сөз бостандығы абсолютті болып табылатын қоғам әлемде ешқашан болған емес және болмайды да. Сөз бостандығы туралы кез келген беделді дискурс оның белгілі бір шегі болуы керек дегенді білдіреді.
- Милльдің саяси философиясының ірге тасы пайдалылық принципі емес, еркіндік тұжырымдамасы болып табылады. **Джон Стюарт Милль** адамдар кез келген пікірді, соның ішінде ең азғын пікірді білдіру және талқылау үшін максималды еркіндікке ие болуы керек деп санайды.



# Сөз бостандығы

- Біз ғылыми, этикалық немесе теологиялық болсын, кез келген тақырып бойынша өз пікірімізді білдіруге толықтай еркін болуымыз керек. Және бұл осы пікірді ұстанатын адамдардың санына байланысты болмауы керек: «Бір ғана жеке адамды қоспағанда, бүкіл адамзат белгілі бір пікірде болса және бұл жеке тұлға керісінше пікірде болса, онда тіпті бүкіл адамзат Бұл жеке тұлғаның үнін өшіруге мүмкіндігі болған жағдайда, жеке адамның өзі бүкіл адамзаттың үнін өшіруге ұмтылу екеуі бір мәнде», - деп көрсетеді Милль.

# Еркіндік туралы көзқарастар

- Әлемдік философияда еркіндік туралы бір-біріне қайшы көзқарастар қалыптасқан. Гегель еркіндікті субъективті рухпен, Фейербах адамның өзінің ерекшелігімен байланыстырса, дін оны адамдардың құдайға құлшылық етуімен, экзистенциалистер адамның психикалық актілерімен байланыстыра қарастырады. К.Маркс еркіндік мәселесін қажеттілікті және заңдылықтарды білумен, оны игерумен байланысты түсіндіреді. Ф.Энгельс өзінің «Анти-Дюринг» атты еңбегінде еркіндік әлдебір нәрседен тәуелсіздік нышаны емес, керісінше, ол адамның жаратылыс күштеріне, қоғамдық қарым-қатынастарға және өз болмысына үстемдігі дейді. Еркіндік — нақты және салыстырмалы ұғым. Мысалы, адам әр түрлі жағдайларға байланысты еркін болады немесе одан мүлдем айырылады.

# Еркіндік туралы көзқарастар

- Платон: Еркіндік біздің сезімдерден туған қажеттіліктерден жоғары болуымыз. Шынайы рухани еркіндік жанның жердегі тәннен босатылып шығуы. Платон идеализмге еркіндік түсінігін енгізген философ. Өмірлік ұраны «Болмыстың өзге жағына кету» болған.
- Аристотель еркіндікті адамның қоршаған ортамен байланысынан іздеген. «Нихомах этикасы» атты еңбегінде: көндірумен, мәжбүрлеумен болған әрекеттерде еркіндік болуы мүмкін емес деген ойын жазған. Еркіндікке қол жеткізу үшін адам сыртқы әсер етуші факторлардан өзінің субъективті «менін» босатуы қажет. Аристотельдің еркіндік теориясы еркіндік пен қажеттіліктің диалектикалық байланысы. Аристотель «Саясат» атты еңбегінде: «Бір адамдар табиғатына қарай еркін, ал басқалары құл, осы тұрғыда соңғыларына құл болу пайдалы және әділ», -деп айтқан. Гегель Ежелгі Грекияда адамдардың аз бөлігі ғана еркін болған деген.

# Еркіндік туралы көзқарастар

- Аристотель ерікті әрекеттің екі критерийін келтіреді:

1) Білім: адам не істеп жатқанын білуі керек.

2) Бақылау: не істеп жатқанын жіті бақылауы керек және әрекет табиғи себептерден немесе басқалардың көмегімен туындамауы керек.

- Плотиннің пікірінше, еркіндік бұл ішкі сезім, ол адамның құл немесе құл иеленуші екеніне байланысыз ақ өмір сүре береді. Сол себепті кез келген адам еркін болу үшін өз ішкі дүниесіне үңіліп, Құдайға жақын болуы қажет.

# Еркіндік туралы көзқарастар

- Цицерон: заңдардың құлы болу арқылы ғана біз еркін бола аламыз деп сендірді.
- Гегель: әрбір шынайы заң – бұл еркіндік, өйткені ол объективті рухтың ақылға қонымды анықтамасын және сол арқылы бостандықтың мазмұнын қамтиды.
- Маркс: қажеттілік – бұл еркіндіктің шарты.

# Еркіндік туралы көзқарастар

- Папа Лев XIII Фоманың доктринасын сөзбе-сөз қайталау арқылы пайда болған 9 томнан тұратын «Энцикликасында» адамдардың еркіндігі жайлы жаза келіп, еркіндікті **табиғи** және **жоғары** деп екі түрге бөледі. Папа Лев бойынша адамды табиғаттан ерекшейтін еркіндік **табиғи еркіндік** болып түсінілсе, заң арқылы пайда болған еркіндік **жоғары еркіндік** аталған. Бұл жерде табиғи еркіндік – рухтың тәнді женуі.

# Еркіндік туралы көзқарастар

- **Лев XIII** айтып кеткен адамға қажет заңдар үстем тап өкілдерінің еркіндігін арттыра түсетін және қарапайым халықтардың қалауларымен санаспайтын заңдар еді. Оның айтуынша билікке қарсы шығу, Құдайдың әміріне қарсы шығумен бірдей. Егер де әрбір адамға қалағанын айтып, жазуға еркіндік беретін болсақ, онда құдайлықтың құдіретінен түк қалмас.
- **Христиан діні бойынша, адам туыла салып күнәһар.** Мұндай күнәһардың өз қажеттіліктері мен еркіндігіне сүйене отырып қоғам құруы **Құдайға қарсы шығуы** болып табылады.
- Діни тұрғыдан **демократия** – бұл Құдайдың билігін ұмытқан адамдардың дөрекілігі. 1885 жылы **Папа Лев XIII** аталған энцикликада адамдар билікті Құдай беретінін түсінгенде монархтарға бағыну қажет екенін түсінеді деп жазған.



# Еркіндік туралы көзқарастар: Спиноза

- **Спиноза** тұжырымы бойынша өмірде ештеңе кездесейсоқ болмайды. Барлық заттар табиғаттың қажеттілігінен іске асады. Бірақ қажеттілікті Бенедикт Спиноза механикалық тұрғыдан түсінген, себебі оның кезінде жеке қажеттіліктер түсінігі әлі болмаған. Спинозаның пікірі бойынша адам табиғаттың механикалық бөлшегі болғандықтан оның **абсолюттік еркіндігі** болуы мүмкін емес және абсолюттік еркіндік деген жай ғана **иллюзия**. Адам өзінің объективті тұрғыдан еркін санағанымен, ол субъективті тұрғыдан еркін болуы мүмкін емес. **Адам** тек өзін **іштей тану арқылы ғана** **еркін** болуы мүмкін.

# Еркіндік туралы көзқарастар: Спиноза

- Спинозаның түсінігінде еркіндік дегеніміз – кездейсоқтықтар мен аффектілерді билейтін сана, ақыл ой.
- Спиноза еркіндікті шешім қабылдау еркіндігі ретінде емес, «еркін қажеттілік» ретінде түсінеді.
- Б.Спиноза «Теологиялық-саяси трактатында» әркім өз қалағанын ойлауға және айтуға болатын мемлекет қана еркін мемлекет және ондағы азаматтар еркін деді.

# Еркіндік туралы көзқарастар

- Француз материалистерінің көзқарастарына философияның революциялық реңкі өз септігін тигізді. Француз материалисттерінің еркіндік философиясы теориялық және практикалық тұрғыдан дамып отырды. Француз материалисттері де Спиноза секілді адамды табиғаттың бір бөлшегі ретінде қарастырды. Олардың философиясы субъективті жанның тазаруының идеалистік философиясы болған емес. Теория органикалық емес табиғатты, органикалық өмір мен адам рухының сфераларын механикалық заңдарға бағындырған.
- Француз материалисттері адам еркін және бақытты болуы үшін барлық әлеуметтік-тархи жағдайды өзгертіп, феодализмнен түбегейлі бас тарту қажет деп санаған.

# Еркіндік туралы көзқарастар

- **Адам Смит** еркіндікті капитализммен бірге қарайды. Оның пікірінше, капитализм жасанды тұрғыда емес тарихи даму барысында табиғи жолмен пайда болған. Осылайша қалыптасқан капитализм қажетті құбылыс болғандықтан, ол адамның ақыл-ойынан туындамайтын терең мақсатқа ие. Осы жүйеде барлық адамдар өздеріне тән табиғатқа сәйкес өте өзімшіл әрекет етеді, бірақ соңында бұл әрекеттер бүкіл қоғамның ортақ мүдделеріне қызмет етеді. Осылайша, мұнда әрбір капиталист өз пайдасын көздеп, өз ісін жүргізеді және осы мақсатта ол өз басқаларға қарағанда тиімдірек сатуға болатын тауарларды өндіруге жұмсайды. Бірақ егер барлық капиталистерді экономиканың бір саласы тартса және капитал осы салада шоғырланса, онда бәсекелестіктің арқасында пайда төмендей бастайды және осы салаға капитал салу біртіндеп тиімсіз болады.
- **Адам Смит**: **жеке тұлғаның еркіндігінің** дамуы **мемлекеттің дамуымен** және оның маңызды **институттарының нығаяуымен** ажырамас байланыста. **Бостандық** тек **заңдарды орындайтын институттар бар жерде ғана** болуы мүмкін.

# Еркіндік туралы көзқарастар

- Иммануил Канттың пікірі бойынша егер де адам еркін болғысы келсе ол өзінің «менінің» шекарасынан асуы қажет. Еркіндік белгілі бір қажеттіліктерден тұрмайды, ол сол қажеттіліктерден биік болудан тұрады.
- Идеалисттердің пікірінше, әлеуметтік, экономикалық тұрғыдан еркіндікке жетуге тырысатын адамдар шын мәнінде тек өз қажеттіліктерін өтеуге тырысады.

# Еркіндік туралы көзқарастар

- **Гартман** «Адамгершілік сананың феноменологиясы» атты очеркінде адамның еркі **екі негізгі фактормен** – **мотивтермен** және **мінезбен** анықталады деп тұжырымдайды. Демек, әрекет сырттан емес, іштен анықталатын көрінеді. **Мінездің даралығы** сыртқы мотивтік себептерден тәуелсіздік ретінде **еркіндік** елесін тудырады. Бұл арада, біздің **идеямыздың мотивке** айналуы ешбір **еркін әрекет емес**, өйткені ол мүлде өз еркімен емес, **мінездің қысымымен** болады.
- **Толстой:** адам толықтай еркін емес, **адамды** **өзі басқара алмайтын** факторлар **басқарады**, **бостандық** тек елес...

# Еркіндік туралы көзқарастар

- Гамерлинг: «Өз қалағанын жасайтын адам еркін».
- Биолог Эдвард Осборн Уилсон: ерік бостандығы деп аталатын нәрсе молекулалық процестердің туындысы болып табылатын иллюзиядан басқа ештеңе емес.
- Сэмюэл Джонсон: «барлық теория ерік бостандығына қарсы, біздің барлық тәжірибеміз оған қарсы».
- Томас Гоббс: «Еркіндік – сыртқы кедергілердің болмауы».



# Еркіндік туралы көзқарастар

- **Джон Стюарт Милл**: «Біз өзіміз үшін жақсы деп санайтын нәрсеге қол жеткізуге еркін ұмтыла алатын және біз ең жақсы деп танытын жолдармен ұмтыла алатын болсақ, тек осындай еркіндік еркіндік деген атқа лайық». «Атауға лайық жалғыз **еркіндік** – **өз игілігіне өз жолымен** жүру **еркіндігі**».
- **Фридрих Хайек**: «**Бостандық** **жеке адамға** басқа адамдардың **араласуға қақы жоқ** мәселелерден тұратын **жеке өмірге қол сұғылмаушылық** саласын **білдіреді**».
- **Ленин**: билеуші таптар еркіндікке ие болған сайын қарапайым халық өз еркіндігінен айырыла береді.

# Еркіндік туралы көзқарастар

- Маркс: бостандық деңгейі экономикалық прогреске байланысты.
- Франкфурт мектебінің философтары: экономикалық прогресс, яғни, қазіргі капитализмнің жаппай өндірісі адамның азат етілуіне емес, құлдыққа көбірек ықпал етеді.
- Колин Блейкмор: «ерік сезімі – бұл мидың қулығы»
- Лукреций Кар: адамдағы және табиғаттағы атомдар өз траекторияларынан сәл ауытқуы мүмкін, ал бұл еркіндіктің болу мүмкіндігін анықтайды...
- Ларс Свендсен: Егер біз сыртқы заттар мен өз денеміз физика заңдарын ұстанбайтын және болып жатқан кез-келген оқиғалар мүлдем кездейсоқ болатын ғаламда өмір сүруіміз керек болса, біз еркін болмас едік. Біз мүлдем түсініксіз жүйенің тұтқыны болар едік, онда біз ештеңені басқара алмаймыз. Осылайша, алдын-ала белгісіздіктің болмауы тек кездейсоқтықпен басқарылатындығын білдіреді, ал кездейсоқтық еркіндікті де, жауапкершілікті де білдірмейді.

# Исайя Берлин бойынша еркіндік

- **Исайя Берлин:** Еркіндік пен теңдік – адамдардың ғасырлар бойы ұмтылып келе жатқан басты мақсаты; бірақ қасқырлар үшін абсолютті еркіндік қойлар үшін өлім.
- Күшті және дарындылар үшін толық еркіндік әлсіз және қабілеті төмен адамдардың лайықты өмір сүру құқығымен үйлеспейді.
- Еркіндіктің өзегі – таңдау жасау қабілеті, ал еркіндіктің басқа аспектілері осы іргелі қабілеттің алғы шарттары немесе салдары болып табылады. Таңдау неғұрлым көп болса, еркіндік те соғұрлым көп. **КЕРІСІНШЕ АЙТУҒА ДА БОЛАДЫ:**
- Шын мәнінде еркін әрекет жеке адамның тілектерімен, қалауларымен және құндылықтарымен **байланыссыз** болуы керек.
- Еркіндік кез келген күштен толық тәуелсіз болған жағдайда ғана мүмкін болады. Теңдік билікке ұмтылғандардың еркіндігін шектей алады. Еркіндік– иә, аштарды тамақтандыру, киімі жоқтарды киіндіру, үйсіздерді паналау үшін еркіндіктің өзі кейде шектелуі керек; басқалардың еркіндігіне қол сұғылмау және әділдік болу үшін.

# Исайя Берлин бойынша еркіндік

- Адамды мәжбүрлеу – оны бостандығынан айыру.
- Мен өмірімді өз еркімен жоспарлағанда ғана еркінмін; жоспарлар ережелерді қамтиды; егер мен оны өзім немесе басқалар әзірлегеніне қарамастан және егер ол ұтымды болса, яғни заттардың тәртібіне сәйкес келсе, мен оны саналы түрде өзіме жүктесем немесе оны еркін қабылдасам, **ереже мені қысымға алмайды немесе құлдыққа түсірмейді**. Заттардың қалай болуы керек екенін түсіне отырып, біз олардың дәл солай болғанын қалаймыз. **Білім** бізді көбірек мүмкіндіктер беру арқылы емес, мүмкін емес нәрсені жасауға тырысқанда болатын келеңсіздіктер мен көңілсіздіктерден қорғау арқылы босатады.

# Исайя Берлин бойынша еркіндік

- Негативті немесе теріс еркіндік
- Исайя Берлин: Әдетте ешкім менің не істейтініме араласпаса, мен өзімді еркінмін деп айта аламын. Бұл тұрғыда саяси еркіндік— мен ешкімнің араласуынсыз өз істеріме кірісе алатын кеңістік. Егер басқалар маған істейтінімді жасауға рұқсат етпесе, мен еркін емеспін; ал егер кеңістік минимумға дейін қысқарса, мені мәжбүрлеуге немесе тіпті құлдыққа ұшыратты деп айтуға болады. Мәжбүрлеу қандай да бір әрекетті орындауға басқа адамдардың саналы түрде араласуын білдіреді. Кез келген мақсатқа жетуге адамдар кедергі жасағанда ғана саяси еркіндіктен айырыласыз. Кәдімгі мақсатқа жете алмауды саяси еркіндіктің жоқтығы деп атауға болмайды.

# Исайя Берлин бойынша еркіндік

- Позитивті немесе оң еркіндік
- «Еркіндік» сөзінің «жағымды» мағынасы **өз-өзіне қожа болу** ниетінен туындайды: Менің өмірім мен шешімдерім сыртқы күштерге емес, өзіме байланысты болғанын қалаймын. Мен біреудің еркіне бағынбай, әрекет еткім келеді. Мен объект емес, субъект болғым келеді. Мен адам сияқты өмір сүре алмайтын зат, жануар немесе құл сияқты, яғни , өз міндеттерімді, өз стратегиямды анықтау және жүзеге асыру қолынан келмейтін біреу болғым келмейді, өз бетімше шешім қабылдап, іс-әрекет бағытын таңдап, **табиғаттың** немесе **басқа адамдардың** **күштеріне бағынбай** өмір сүргім келеді,- міне осыдан позитивті еркіндік туады.

# Еркіндік туралы көзқарастар

- Еркіндікке байланысты философияда жоғарыда аталғандардан да басқа көзқарастар бар. Кей көзқарастар еркіндікті негіздесе, кейбірі тіпті жоққа шығарады. Мысалы, **механикалық материализм** бағытындағы ойшылдар: **Т.Гоббс, Б.Спиноза, Ламетри** **еркіндік жоқ** деп көрсетеді, «**адамдардың еркіндік туралы ойлары – елес қана**, еркіндік қажеттіліктің көрінісі», -деп тұжырымдайды.
- Профессор **Қажымұрат Әбішевтің** айтуынша, «**еркіндік – мәндердің мәні, еркіндік адамның тек субъективті күйі** ғана емес, оның дүниедегі **ерекше болмысы**» саналады.

# Н.А. Бердяев бойынша еркіндік

- 1) Адамдар жасамайтын, бірақ адамдар **бағынатын, өзгермейтін, мәңгі, зерделі болмыстық тәртіп** бар, ол **әлеуметтік тәртіпте** де көрінеді;
- 2) Төменде қалған (падшество), мәңгі емес және жоғарыдан танылған да емес **дүниенің** және **қоғамдық өмірдің** негіздері адамдардың белсенділігімен және жасампаздығымен **өзгереді. Бірінші көзқарас адамды құл етеді, екінші көзқарас оны азат етеді»** (Бердяев Н.А. О рабстве и свободе человека (опыт персокалистской философии) // . Әлеуметтік философия (Хрестоматия) – Алматы: Ақыл кітабы, 1997. – 226 б.)



# Гегель философиясы бойынша

- **Гегель** рухты тым объективтендіріп жіберді. Рух еркін жіберілген, ол алдын-ала белгіленген жоспар бойынша әрекет етпейді. Рухтың таңдауы – тұлғалық шығармашылық. «Адам өзі өмір сүруі керек. **Адам іші пысатын, пейіштен қуылғанын сезіне алатын бірден-бір тіршілік иесі.** Ол **болмысын проблема ретінде сезіне алатын, түсінетін, соны өзі ғана шеше алатынын және одан құтыла алмайтынын білетін жалғыз тірі жәндік.** Адамдыққа дейінгі табиғат пен үйлесімді қалыпқа ол енді қайтып орала алмайды. **Өзіне** және **табиғатқа** **қожа болу үшін** ол өз **зердесін дамытуы тиіс»**
- **Гегель** адамзаттың тарихы – бұл **еркіндіктің даму тарихы** деп санаған.

# Еркіндік жайлы Д.Кішібековтың пікірі:

- Тәуелсіздік еркіндіктен туындайды. Тәуелсіздік ол ешкімнен қаймықпау, ешкімге бағынышты болмау, ойыңа келген алғашқы ісіңе еркін кірісу, жалтақтамау. Бұл, әрине, табиғи құбылыс. Бірақ, XVIII ғасырдағы француз философтарының көшбасшысы Дени Дидроның пікірінше, еркіндік жансыз дүниеге де тән көрінеді. Оның пікірінше, әлемде қозғалмайтын зат жоқ. Бәрі де қозғалыста, егер кейбір қозғалмайтын зат болса, онда оны ұстап тұрған кедергі бар болғаны. Егер сол қозғалмай тұрған заттың кедергісін алып тастаса болды, ол қозғалысқа түседі деген болатын. Олай болса, сол қозғалыстың өзі де еркіндік көрінеді. Әлемде ешбір кедергісіз, абсолютті тәуелсіздік, еркіндік жоқ, болмайды да. Барлық тәуелсіздік нақты жағдайда, белгілі дәрежеде, қатынаста ғана кездеседі деп түсіну керек.

# Еркіндік жайлы Д.Кішібековтың пікірі:

- Өмірде барлық іс-әрекет, құбылыс бір жағынан алсаң тәуелсіз, ал екінші жағынан тәуелді, кейде бағынышты болып келеді. **Тәуелсіздікті абсолютті түсіну - ол өрескелдік, табиғатқа қарсы келу.**
- **Әлемде жаратушы Алладан басқа, абсолютті тәуелсіз ешнәрсе жоқ.** Мейлі ол саналы не санасыз, жанды не жансыз болсын. Қалған дүниеде тәуелсіздік пен тәуелділік тығыз байланыста кездеседі. Сонда **тәуелсіз** дегеніміз не? **Ол белгілі жағдайда тәуелсіздіктің жалпы алғанда тәуелділіктен басым болуы.** Оны абсолютті деп түсіну - ол да тіршілікке қайшы. Ал енді түрлі жағдайда тәуелділіктің тәуелсіздіктен басым болған кездері де кездеседі. **Мәселен, тұтқында отырған адам, бодандықта өмір сүрген ел - тәуелді. Торда ұсталған құс, байлаулы мал, зообақтағы аңдар - тәуелді, оларда **еркіндік** жоқ, сана да жоқ, бірақ **сезім** бар.** Тұтқындықтан босаса болды, ұшып, еркін кетеді. Өйткені, еркіндік бәріне керек. Табиғи өмір, тіршілік заңы.

# Экзистенциализмдегі еркіндік

- Экзистенциализмдегі бастысы ең алдымен, **сана еркіндігі**, тұлғаның рухани - адамгершіліктік көзқарасын **таңдау** еркіндігі .
- Табиғат заңдылықтарын тану негізінде оны **өзінің мақсатына сәйкес қайта өзгерту**ден басқа адамда еркіндікке жетудің жолы жоқ. Ол бұл дүниеге еркін күйінде келген жоқ, **еркіндікті өзі жеңіп алуы керек**. Табиғатты өз әлеміне айналдырудағы адамның жетістігі адамның адами қоғамның қандай екендігіне байланысты, себебі **адам табиғатты өзінің образына сай өзгертеді**. Адамның табиғатты **тануы** мен **өзгертудегі** мақсаттары **Қоғамнан**, ондағы **қоғамдық қатынастардан** шығады.

# Экзистенциализмдегі еркіндік

- Адамның **табиғатқа үстемдігі** жердің, жер бетіндегі өсімдіктер мен жануарлар әлемінің, тіпті **адамның** да өзгеруіне алып келді.
- Жер аз болғандай адам өзінің назарын **шексіз Әлем**ге аудара бастады. Бұл жағдай көптеген қиындықтарға әкеліп соқтырды, тіпті адамның жер бетіндегі өмір сүруіне қауіп төне бастады. Сондықтан адам табиғатты түсіну үшін **тек табиғатты ғана** өзгертпей, **өзін, қоғамдық қатынастарды өзгертуі керек.**

# Рудольф Штайнер бойынша:

- **Ерік** әрекеті екі факторға - **мотивке** немесе **жағдайға** және **моральдық негізге** байланысты. Мотив не таза ұғым, не жекеленген, яғни бейнелеу болуы мүмкін. Біреуі немесе екіншісі адам даралығына әсер етіп, оны әрекетке бағыттайды. Бірақ бірдей **ұғымдар** немесе **идеялар** әртүрлі адамдарға әртүрлі әсер етеді. Ұғымдардың адам мінезіне әсер ету ерекшелігі оның өміріне белгілі бір **моральдық, этикалық** бояу береді.

# Рудольф Штайнер бойынша:

- **Еркін рух** өз іс-әрекетінде өзінің **идеяларының** жалпы арсеналынан **ойлау арқылы таңдаған түйсіктерге** сүйенеді.
- **Еркін емес рух** өзіне берілген **қабылдаулар әлеміне**, яғни **бұрынғы тәжірибелеріне** сүйене отырып, **түйсіктерді таңдайды**. Ол осыған ұқсас жағдайда басқалардың қалай әрекет еткенін, бұл жағдайға қандай илани нұсқау бар екенін және т.б. есіне түсіруге тырысады, содан кейін ғана шешім қабылдайды.
- **Еркін рух** сол немесе басқа шешімді бірінші болып қабылдаудан **қорықпайды** және мұндай жағдайларда басқалардың не істегені немесе бұйырылғаны туралы **алаңдамайды**. Оның **мотивтері таза идеалды**.

# Морис Торез бойынша

- Морис Торездің түсінігі бойынша: әлемде еркіндіктен артық бұрмаланған, өзінің түпкі мағынасын жоғалтқан және керісінше мағынада қолданған сөз жоқ. Мәселен 1614 және 1789 жылдар аралығында француз ақсүйектері үкіметтен еркіндікті талап еткен. Бірақ олардың талап еткен еркіндігі бұл ақсүйектердің құқықтарының өзге тап өкілдерінен бөлек және ерекше болуы болған. Сонда француз ақсүйектері өздеріне еркіндік талап ете отырып, өзге тап өкілдерінің еркіндігіне нұқсан келтіруге дайын болған. Ол кездің буржуазиясы қандай да болсын бағынуға қарсы болған. Дәл сол мақсатпен олар 1789 жылы жер иемденуші феодалдардың қамалдарын «еркіндік үшін» деген ұранмен басып алған (Янагида Кэндзюро «Философия свободы» 44б.)



# Морис Торез бойынша

- Капитализмнің құдіретті одағын нығайту үшін Америка Құрама Штаттарының отыз үшінші президенті **Гари Трумен** еркін кәсіптерді қорғауға шақырған. Ал АҚШ-тың отыз төртінші президенті **Дуайт Дэвид Эйзенхауэр** атомдық соғыс қаупіне қорқыта отырып, еркін әлемді қорғауға шақырған. Бірақ осындай еркіндікті қорғаушы адамдардың әсері тиген елдерде керісінше еркіндік шектеліп, фашизация жүзеге асып отырған. Осылайша **Морис Торездің пікірінше, еркіндік - деген еркіндіктің ең зұлым жауларын жасырып тұратын бетперде.**

# Қорытынды

- Адам болмысы еркіндікпен сипатталады.
- Еркіндік - кедергінің болмауы.
- Еркіндік - қажеттіліктің қалауыңша іске асуы.
- Кедергі болса оны жою үшін күресу керек, қажеттілік пен ұлы мақсаттарға жету үшін әрекет ету керек, олардың іске асуына жағдай жасау керек. Бұл еркіндік жолындағы істер

# Қорытынды

- Белгілі бір іс-әрекеттерді өз еркімен жүзеге асыру тек ғана адам баласына тән қасиет. Дегенмен, оның өзінде белгілі бір іс-әрекетті жүзеге асырып жатып біз өзімізді толығымен еркінбіз дей алмаймыз. Себебі біздің іс-әрекетіміз белгілі бір кеңістікпен, я болмаса, белгілі бір уақытпен шектелуі мүмкін.
- Адамды адам еткен еркіндік. Еркіндік арқылы адам жануардан ерекшелене алады, я болмаса еркін адам мен құлды бір-бірінен еркіндіктің болу болмауы ажыратады.

# Қорытынды

- Егер де әу бастан адамның еркіндігі болмайтын болса ол өзінің істеген іс-әрекеттері үшін моральды тұрғыда жауапты бола алмайды. Осы тұрғыдан біз еркіндік адам саналы түрде іс-әрекеттерді жүзеге асырып, олар үшін жауап бере алғанда пайда болады дей аламыз. Адам саналы тұрғыдан өзінің еркін екенін сезінгенде ғана еркіндікке ие болады. Еркіндік бар жерде сана, ал сана бар жерде еркіндік болады.
- Көптеген ғалымдар адамды еркін құбылыс ететін не деген сұраққа түрліше нұсқалар ұсынған. Мәселен, идеалисттер ойлау, сана адамды еркін құбылыс етеді деген. Осыған мысал ретінде Паскальдың: «Адам бұл ойлай алатын қамыс», -деген пікірін ала аламыз. Аристотельдің кезінен бері адамды жануарлар қатарынан бөліп шығарған сана екені мойындалған.

# Қорытынды

- Адам еңбек етіп бастағаннан кейін ол табиғаттың құрамдас бөлігі болуды тоқтатады. Ендігі кезекте адам табиғатқа қарсы тұрып, өзінің іс-әрекеттері арқылы табиғатты өзіне бағындыруға тырысады. **Еңбек бұл жай ғана іс-қимылдар жиынтығы емес. Еңбек бұл адамның табиғатқа қарсы тұруының көрінісі.**
- **Еркіндік** адам еңбек арқылы табиғатты өзіне бағындыра бастағанда пайда болады. Адамның табиғат алдындағы үстемдігі артқан сайын оның **еркіндігі де арта түседі.**
- Адамның өндірістік күші артқан сайын оның еркіндігі және **табиғат алдындағы үстемдігі де арта береді.**

# Қорытынды

- Еркін қоғамда адам күннен күнге өзін еркін емес сезінуде. Себебі ол табиғатты өзіне бағындырғанымен оның өзіне бағындыра алмаған әлі бір күші бар. Ол күш қоғам деп аталады. Адам ерте кездерден бастап қоғамда өмір сүреді. Себебі ол қоғамнан тыс табиғаттын тылсым күштеріне жалғыз өзі төтеп бере алмайды. Осы тұрғыдан ең алдымен қоғамдық еркіндік пайда болып, одан кейін ғана жеке адамдардың еркіндігі жайлы сөз етіле бастады.
- Шынайы еркіндік ішкі «менді» бағындындырудан тұрады. Осы ішкі өзін-өзі бағындырмай, адамның шынайы еркіндігіне қол жеткізу мүмкін емес. Бұл пікірге сәйкес шынайы еркіндік-ішкі еркіндік. Еркіндікке деген бұл көзқарас ұзақ уақыт бойы тарихта басым болды. Бұл көзқарасты жақтаушылардың пікірінше, қорғаныштарды сындырып, көшеден кіріп бара жатқан ұрыдан қорғану осы «мен»-нің ішіндегі және оны ыдырату арқылы шынайы өзін жоғалтуға әкелетін ұрыдан қорғанудан гөрі оңайырақ.

# Қорытынды

- Адамның сыртқы жауы бар, оны жеңу керек, сонымен бірге оның ішінде де жеңуді қажет ететін жау бар. Адам табиғатты қаншалықты жеңе алса да, қоғамда қаншалықты жоғары лауазымға ие болса да, бірақ егер ол өзінің тілектері мен бейімділіктерін бағындырып, басқара алмаса, онда оны шынайы еркіндікке ие болған адам деп атауға болмайды, өйткені ол жердегі тілектер мен жануарлардың құмарлықтарының құлы болып қала береді. Дәл осы жерде еркіндіктің терең мәні жатыр, ал сыртқы ортаны жеңген адам тек бір қарағанда және өте аз дәрежеде еркін.

# Қорытынды

- Еркіндік мәселесін теориялық жолмен шешу мүмкін емес. Бұрын көптеген философтар бұл мәселені теориялық тұрғыдан шешсе, олардың миссиясы орындалады деп сенген. Бұл олардың философиясы нақты тәжірибемен байланысты тірі тарих философиясы емес, еркіндіктің идеалистік философиясы болғандығына байланысты. Мұның бәрі шындықты шебер түсіндіру туралы деп санайтын философия, шындықтың тарихи мәселелерін шешетін қатыгез күрес тәжірибесімен байланысты емес философия, сайып келгенде, ол қандай еркіндік туралы айтса да, метафизика арқылы адамдардың жүрегін қаншалықты қызықтырса да, дәрменсіз ойлау философиясы бар.



# Қорытынды

- Еркіндікті зерттеумен айналысатын кез келген адамның бойында бар мін ол сол еркіндікке жетуге деген шынайы құлшыныстың болмауы. Адамдардың көбісі еркіндікке жетуге деген көптеген жолдарды ойлап тауып отырғанның өзінде, бейсаналы түрде ол еркіндік онсызда қолымызда бар емес ба деп ойлануы мүмкін. Я болмаса жалпы еркіндік үшін күресемін деп өзіндегі жеке еркіндікке әбден көңіл бөліп кетуі мүмкін. Сол себепті де еркіндікті зерттейтін адам шын мәнінде еркіндікке қызығып, ауыр тәжірибе арқылы еркіндікке жетуге дайын болуы қажет.

# Қорытынды

- Қазіргі қоғамда адамның жеке құқықтары, еркіндігі тек жеке адамның ерік-жігері негізінде жүзеге асырыла алмайды. Алайда, егер белгілі бір ұйымға кірген жеке адамдар ұжымдық түрде әрекет ете бастаса, онда олар енді тек жеке ерік-жігерін сақтай отырып, шектеусіз әрекет ете алмайды. Әр сөз, әр сөз тіркесі жағдайға байланысты өте ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін. Мұндай жағдайда тәжірибелік қажеттіліктің қысымымен шындық «темір тәртіпті» сақтауды талап етеді. Егер ол бұзылса, онда күрес жеңіліспен аяқталады, еркіндік жоғалады. Іс жүзінде қажетті еркіндікті жүзеге асыру үшін жеке бас еркіндігін шектеу және жоққа шығару қажет. Осыдан алатын қорытындымыз еркіндік еркіндікті жоққа шығару арқылы жүзеге асырылады.

# Қорытынды

- Еркіндік бұл өте күрделі процесс. Біздің қоғамдағы әр адам үшін еркіндіктің мәні мен мақсаты әртүрлі. Дегенмен біз бір қоғам болғандықтан еркіндікке біріге отырып қол жеткізуіміз қажет. Еркіндік бізге таптық бөліністен айырылуға көмектесіп, бізді бақытты ете алады. Шынайы еркіндікке біз тәжірибе арқылы ғана қол жеткізе аламыз.